

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Әкімшілік құқық және ПО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ»
курсы бойынша
ДӘРІС**

ТАҚЫРЫБЫ: «Қазақстан Республикасының сот жүйесі»

ӘҚ ж. ПО-ның ӘҚ кафедрасы
ПӘС мәжілісінде
тақыланып, мақұлданған.
2016ж. №_____ хаттама

Дайындаған:
ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының
профессоры,
полиция полковнигі
Е.Е. Серімов

ҚАРАҒАНДЫ

Дәрісті оқу мақсаты: «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мақсаты, оның басқа заң ғылымдары салаларымен қарым-қатынасын түсіндіру. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін негізгі құқықтық нормативтік актілерді қарастыру. Құқық қорғау органдары жүйесінің түсінігі мен құрылымына, құқық қорғау қызметінің түсінігі мен мазмұнына қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың ар-намысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

Дидактикалық: ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

Әдістемелік: тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

Тәрбиелік: тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:

Ұйымдастырушылық кезең.

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 5 мин.

Кіріспе бөлім – 10 мин.

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

Негізгі бөлім – 65 мин. Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-сұрақ бойынша – 20 мин.

2-сұрақ бойынша – 20 мин.

3-сұрақ бойынша – 20 мин.

Қорытынды бөлім – 5 мин.

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:

- 1) Құқық қорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995-ж. 30.08. (07.10.98., 21.05.2007ж. өзгерістер және толықтырулармен). – Астана, -2008ж.
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 25 желтоқсан (2012ж. 16 ақпандағы өзгертулер, толықтырулармен).
3. ҚР азаматтық іс жүргізу кодексі 1999ж. 1-маусым (2011ж. 27 сәуірдегі өзгертулер, толықтырулармен).
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі. 2001 30 қаңтар (2012 ж. 27 сәуірдегі өзгертулер, толықтырулармен).
5. Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 1997ж.13 желтоқсан (2012ж 17 ақпандағы өзгертулер, толықтырулармен).

Қосымша:

1. Алиев М.М. ҚР сот жүйесі және құқық қорғау органдары,-Астана,- 2004ж.
2. Е.Т. Жалбуров, Ш.О. Айкенова, Д.А. Амангельдиев «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары». Дәрістер курсы, Қарағанды, 2007.
3. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в РК. Оқу құралы – Астана, 2000.
4. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Оқу әдістемелік құралы - Алматы, 2001.
5. Е.Т.Жалбуров, Ш.О.Айкенова, Д.А.Амангельдиев «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары». Дәрістер курсы. Қарағанды, 2007.
6. Ю.Е.Винокуров «Прокурорский надзор». М., 2008. Х.629.1, П 80.

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының қазіргі сот жүйесінің жалпы сипаттамасы.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – Қазақстан Республикасының жоғарғы сот органы.

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы елімізде құқықтық, демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруды жариялады.

Бұл конституциялық жағдайдың мәнін өте күрделі, негізінен құқықтық мемлекеттің даму үрдісі мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімдік қарым-қатынасының бірден-бір түрі болып табылатын тәуелсіз сот жүйесінің болуы мүмкін дегенді көрсетеді.

Мемлекеттің бүгінгі даму кезеңінде қоғамдық санада құқықтық реформаның негізгісі сот реформасы болып табылады деген ұғым қалыптасқан. Бұл негізінен, биліктің сот тармағы қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын сақтаудың кепілдігі болуымен байланысты.

Егемендік жылдарында сот реформасы бірнеше жолдардан өтті. Өту жолдарының бастысы: Қазақстан тарихында бірінші рет сот билігі жеке және беделді күш болып бекітілді, ол биліктерді бөлу принципін (қағидатын) іске асыруды қамтамасыз етті. Соттардың билік өкілеттігі Конституцияда заңдалдырылған.

Бұл дәрісте сот билігінің мәніне байланысты, сот билігін іске асырудың негізгі түрі ретінде сот төрелігінің міндеттері мен қағидаттарын, мақсаттарын ашу мәселелерін қарастырылады. Сот билігінің қызметі ретінде сот төрелігі қоғамның әрбір мүшесіне қатысты, қатыссыз болуы мүмкін емес. Адамдардың түсінігінде өздерінің құқығын және мүдделерінің сақталуы қоғамның әлеуметтік сұраныс деңгейінде көрінеді.

1. Қазақстан Республикасының қазіргі сот жүйесінің жалпы сипаттамасы

Сот билігі биліктердің бөліну қағидаларына сәйкес егеменді билік және өзіндік билік болып табылады. Әр түрлі мемлекеттерді сот билігі мазмұн бойынша, құзырет шегіне ие, өз кезегінде ол әр түрлі факторлармен шектелген. Сот билігі арнайы мемлекеттік орган – соттар мен жүзеге асырылады, олар белгілі бір жүйе құрайды және сот әділдігін жүзеге асырушы болып табылады. Сот жүйесінің өзін иерархиялық құрылымы, бар, бұнда сот анықталған деңгейде ерекше құзыретке иеленеді. Бұндай құрылым көп жағдайда мемлекеттің әкімшілік- аймақтық құрылыммен тығыз байланыста. Қазақстанда Конституциямен және Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген бір ғана сот жүйесі бар. «Сот жүйесін» қалай түсінуге болады?

Ең алдымен «сот жүйесі» ұғымына тоқталмас бұрын, жалпы жүйе ұғымына анықтама берейік.

Жүйе – (*грек сөзін аударғанда systema «бүтін»*) – шаруашылық бірліктерінің, мекемелердің өз міндеті бойынша туыстық жиынтығының және тұтас бүтінге біріктіріліп, ұйымдасқанын айтамыз.

Сот органдарының жүйесі ҚР Конституциясы (75 бап 3, 4 тармақшалар) және 2000 жыл 25 желтоқсандағы «ҚР сот жүйесі және мәртебесі» туралы Конституциялық Заңда нақтыланып айтылған. Дүние жүзілік тәжірибе екі звенолы және үш звенолы сот жүйесінің бар екендігін айтады. Сонымен қатар, белгілі бір санаттағы істерді (еңбек дауларын, кәмелетке толмағандар ісі, патенттік) қараумен айналысатын мамандандырылған соттарды құру қарастырылуы мүмкін.

Англосаксондық және континенталдық сот жүйесінде бөліп көрсетеді. Олардың арасындағы айырмашылық сот қызметінің құқықтық негізінен және сот шешімдерінің рөлінен тұрады.

Англосаксондық жүйе негізі үшін – жалпы құқық, яғни сот ісі құқық көзі болып табылады (іс құқығы). Бұл жүйеде сот құқық орнатады, ал жоғары тұратын сот шешімі барлық соттар үшін міндетті.

Континенталды жүйесінде сот қызметінің құқықтық негізі үшін заңнамалардың дамуын көрсетеді, яғни құқықтың көздері болып табылады: нормативтік актілер, халықаралық шарттық міндеттер, Конституциялық кеңестің, Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары. Сот осы көздерді басшылыққа ала отырып шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің органдары өзінің негізгі принциптерімен сипаттары бойынша көп жағдайда континентальдық жүйеге ұқсас келеді.

Жоғарында айтылған құқықтық – нормативтік актілердің мазмұнына талдау жасау арқылы келесідей маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. ҚР Сот жүйесі – сот билігін өз құзыреті аясында іске асыратын, конституциямен және соттардың конституциялық заңдарымен белгіленген жиынтығы.

2. Барлық сот жүйесі мемлекетте және қоғамда үшінші сот өкіметін іске асырушы, жекелеген бірнеше жүйелерге бөлінеді, олардың әр қайсысы мемлекеттік механизмде белгілі бір қызметтер атқарады.

Конституцияның 75 бабына және Конституциялық Заңның 3 бабына сәйкес жалпы түрде ҚР сот жүйесі мыналардан тұрады:

- ҚР Жоғарғы соты.
- Сот төрелігін іске асыру бойынша заңмен бекітілген қарым-қатынаста байланысқан жергілікті соттар.

Жергілікті соттарға мыналар жаталы:

- 1) Облыстық және оларға теңестірілген соттар (астананың қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, ҚР әскерлерінің әскери соты).
- 2) Аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық ауданаралық).
- 3) Мамандандырылған соттар: гарнизонның әскери соты, экономикалық, әкімшілік және тағы басқа.

Республиканың конституциясы және Конституциялық Заңы қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол бермейді.

Тек қана жоғарыда көрсетілген соттар, яғни Қазақстанның заңнамаларына сәйкес құрылған және сот соттардың судьяларын тағайындаған сот, елімізде сот билігін жүзеге асыра алады.

Республикамызда заңға сәйкес соттарды мамандандыру және сот мақсатта мамандырылған:

- әскери;
- экономикалық;
- әкімшілік;
- кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі соттар құрылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта, Алматы және қарағанды қалаларында /ҚР Президентінің 2002 жыл 16 қаңтардағы Алматы және қарағанды қалаларында мамандандырылған экономикалық соттар құру туралы Жарлығы/ сараптама ретінде әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істер және де экономикалық дауларды қарайтын құзыреті бар мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттары құрылды.

ҚР Сот жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында Президенттің 2002 жыл қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған құқықтық саясат тұжырымдама экономикалық, әкімшілік және /кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі/ мамандандырылған соттар институтын дамыту қарастырылуда.

ҚР Сот жүйесін бірлік біріктерді: /Конституциялық Заңның 4 бабы/:

1. Конституцияда, осы Конституциялық заңда жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен.

2. Сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және басқа да).

3. Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен (процессуалдық және материалдық құқық нормалары).

4. Заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен.

5. Заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен.

6. Барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландыру.

Сот жүйесін шартты үш звеноға бөлуге болады.

Сот жүйесінің звеносы бірыңғай құрылым және бірыңғай құзыретті соттар жиынтығын құрайды.

Осы нышандар бойынша:

Бірінші, негізгі звено өзіне республика аймағындағы аудандық (қалалық) соттарды жатқызады. Әскери соттың негізгі звеносы әскердің әскери соттары, флоттир, гарнизондар және бірлестіктер жатады.


Орта звеноға облыстық және оларға теңестірілген соттар кіреді. Әскери соттың орта звеносы Қарулы күштердің, әскери округтердің флоттар әуе күші округтерінің әскери соттарынан тұрады.

Барлық соттардың жоғары звеносына жалпы құқықтық құзырет ретінде, әскери ретінде. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты болып табылады.

Әр звеноның құзыреті мен өкілеттілігі заңмен анықталған.

Кәзіргі уақытта кесте ретінде құрылған ҚР сот жүйесін келесідей көрсетуге болады:

ҚР Жоғарғы соты



Жоғарғы буын

ҚР Жоғарғы соты

Орта буын
Облыстық және оған
теңестірілген

негізгі: аудандық және оған
теңестірілген соттар

Орта буын
ҚР Әскерінің Әскери соты

негізгі: гарнизондардың,
бірлестіктердің әскерлердің
әскери соттары

Сот буыны ҚР-ғы сот жүйесінің ұйымдық құрылу принципін анықтайды. Сот буындарына бөлунімен қатар Заң бойынша олардың сот инстанцияларына бөлінуі де қарастырылған. «Сот инстанциясы» түсінігі, сот жүйесіндегі негізгі анықтамаларға жатады. Сот жүйесінде «инстанция» түсінігі басты ерекшеліктерге ие. Соттар арасындағы инстанциялық ара қатынас соттар тәуелсіздігі принципін сақталуы және олардың тек заңға бағынуы, қызметтік субординациялардың болмауы және осы соттардың лауазымды тұлғаларымен жоғары тұрған соттар тарапынан басқарудың болмауын қадағалайды.

Кассациялық инстанция және қадағалау инстанциясындағы соттардың талаптарын орындау, олардан төмен тұрған соттарға, прокурорларға және алдын-ала тексеру органдарына міндетті болып табылады. Бірақта Заң кассациялық және қадағалау тәртібінде істерді қарайтын соттардың құзыретіне, бірінші инстанциясындағы соттарда дәлелдеулерді тексеру процесіндегі қалыптасқан ішкі сенімін қорғай отырып шектеу қояды.

Осылайша, кассациялық инстанциядағы сот істі қарауда немесе алдын-ала тексеру жасағанда қандай қателіктерге жол берілді, істі қарау және жанадан тексеріс жүргізу барысында қандай сұрақтар анықталу керек екендігін көрсетуге құқылы, бірақта соттардың (сот сияқты прокурордың, тергеушінің) материалдық Заңды қолдану дәлелдемелердің жеткіліксіздігі, жазалау шаралары туралы қорытындыларына араласуына құқы жоқ. Істі қараудағы инстанцияның түпкілікті талабы болып, әрбір нақты істе тиімді, туралыққа жету, соттың соңғы шешімінің 3 аңдылығы, негізділігі, күмәнсіздігі табылады.

Сот құрылымы туралы Заңнамаларда сот инстанциясы түсінігі толығымен ашылмайды.

Алайда, Заңдық әдебиеттерде көрсетілген анықтамаларға талдау әр инстанцияны сот әділдігін жүзеге асырушы сот ретінде анықтайтын параметрлерді құруға мүмкіндік береді.

Олар:

1) аталған инстанциядағы (өтініш, қарсылықтар бойынша) істердің қаралуының процессуалдық реті.

2) істі қараудың процессуалдық реті (кассациялық реті, қадағалау реті бойынша).

3) қарастыру затының басқа инстанция немесе сот инстанцияда болуы.

Нәтижесінде мынадай қорытындылар шығаруға болады.

1) Сот инстанциясы – сот құқықтық әділеттілікті қамтамасыз етуші мемлекеттік орган. Бұған сот істерінің мазмұны бойынша шешім қабылдау, осы шешімдердің заңдылығын және негізділігін тексеруге байланысты бірнеше соттық қызметтер жатады.

2) Әр инстанцияны келесі белгілері бойынша анықтауға болады. Әр инстанцияны құқықтық әділеттілікті жүзеге асырушы сот ретінде анықтайтын параметрлер болып:

1. Дәл сол инстанциядағы (өтініш, қарсылықтар бойынша) істердің каралуының процессуалдық реті.

2. Істі қараудың процессуалдық реті (кассациялық, қадағалау реті бойынша).

3. Қарастыру Заңының басқа инстанция немесе сол инстанцияда болуы.

4. Қарастырылғаннан кейінгі құжат.

Сот жүйесінде дәстүрлі және тиісті тиімділікпен келесі соттар әрекет етеді:

1. Бірінші инстанциядағы.

2. Апелляциялық инстанциядағы.

3. Кассациялық инстанциядағы.

4. Қадағалау инстанциясындағы.

5. Қайта ашылған жағдайлар бойынша.

1. Бірінші инстанциядағы сот:

Бірінші инстанциядағы сот қылмыстық, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. Соттың нақты бір істі жан-жақты және объективті қарауы және ол бойынша заңды және негізді шешім, қаулы, үкім шығаруы. Дәл сот кезде құқықтық әділеттілік принциптері шығады, олар, істерді ашық талдаудан судьялардың тәуелдсіздігі және олардың тек заңға ғана бағынуы және басқалар.

Бірінші инстанцияда сот жүргізу басқа құқықтық әділеттілікті жүзеге асыру тәртібінен онда дәлелдемелердің тексерілуі міндеттілігімен ерекшеленеді. Бірінші инстанция бойынша істі қарағанда жауаптау және тексерулер жүргізілуі мүмкін (заттық дәлелдемелерге, орындарға және үй жайларға). Бірінші инстанциядағы соттар құрамы болып заң бойынша мыналар қаралады:

- судья істі қарайды және оны өлім жазасы кесілген істерден басқа барлық қылмыстық істерді өзі шешеді;
- барлық азаматтық істер бойынша жеке өзі;
- іс құрамы үш кәсіби судьялардан тұратын алқалармен тұрады. Бұл орта звено соттарымен ҚР Жоғарғы сотында болуы мүмкін.

Бірінші сатыдағы сот істің мәніне қарай қарайды, яғни:

- колдану хат беруді, дәлелдемелерді ұсынады, дәлелдемелерді тексеруге қатысуда құқықтарға ие жақтардың қатысуымен;
- сот процесінде міндетті түрде дәлелдемелерді тексереді: сотталушыны, куәгерлерді жәбірленушілерді жауаптайды, сарапшылардың қорытындыларын тыңдайды, заттық дәлелдемелерді қарайды және т.б.;

- соттық талқылау реті мен кезектілігі, дәлелдемелердің бағалану және тексерілу алыну реті және т.б. толығымен іс жүргізу заңдарында регламенттеледі.

Сот қатаң түрде іс жүргізу заңы бойынша іс әрекет жасайды.

- сот тиісті норманы қолдана отырып, соттық істі шешеді және де өз шешімін келесі құқықтық әділеттік актілеріне бөледі: шешім – азаматтық іс бойынша, қаулы әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша, үкім қылмыстық іс бойынша.

Сонымен, бірінші инстанциядағы сот деп – соттың отырысында істің мән жайын тікелей зерттеуге және айқындауға, сол бойынша сәйкесті шешім шығаруға құзырлы сотты айтады. Сот жүйесіндегі кез келген сот бірінші сатыдағы сот бола алады.

Соттың екінші инстанциясында заңды күшіне әлі еніп үлгермеген сот үкімдері (шешімдері) қаралады. Оның міндеті: үкімнің (шешімінің заңдылығын және негізділігін тексеру және бірінші сот инстанциясы жіберген қателіктер, ал қылмыстық істер бойынша – алдын-ала тексеру процесіндегі жіберілген қателіктер анықталған жағдайда, заңдық шараларды қолдану арқылы сол қателіктерді түзету, (үкімді қайтару, алып тастау) істі бірінші сатыдағы сотқа қайта қарауға жіберу, үкімді өзгерту.

Екінші инстанциядағы сот болып, әрқашан да жоғары тұрған сот, сәйкес сот алқасын табылады.

Аталған жағдай процеске қатысушылардан (жақтардан) және басқа тұлғалардан арыз түскенде немесе прокурордың қарсылығы кезінде туындайды. Сот үкіміне келіспеген жағдайда сотталушы, оның қорғаушысы және заңды өкілі, жәбірленуші және оның өкілі азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері шағым арыз беруге құқылы.

Прокурор әр заңсыз негізсіз үкімдер мен шешімдерге қарсылық білдіруге міндетті.

Сонымен, екінші сатыдағы соттар деп үкімдерге шешімдерге немесе бірінші сатыдағы соттардың үкімдеріне (заңды күшіне енбеген) анықтамаларына прокурордың қарсылық білдіруі, тұлғалардың шағым арыздары бойынша істерді қарайтын сотты айтады. Сол сияқты екінші инстанциядағы соттардың апелляциялық, кассациялық түрлерін айыра білу қажет.

Апелляциялық сот деп – заңды күшіне енбеген бірінші инстанция сотының үкіміне байланысты тараптардың шағымдануына орай (шағым шеңберінде ғана) істі қайта қарайтын екінші инстанциядағы сотты айтады.

Апелляциялық инстанция басында арбитражды, содан кейін қылмыстық және азаматтық процестерде пайда болды. Апелляциялық тәртіп бойынша жоғарғы тұрған соттар бірінші инстанциядағы соттар шығарған және заңды күшіне енбеген үкімнің, қаулы (ережелерінің), шешімінің және аудандық және қалалық соттардың анықтамаларының заңдылығын және негізділігін тексереді.

Апелляциялық инстанцияның негізгі белгілері:

Шағымдану еркіндігі тұлғалардан апелляциялық арыздардың көптеп түсуі мүмкіндігін білдіреді. Қылмыстық процесте төменгі тұрған соттың үкіміне шағымдану құқығы сотталушыға немесе ақталушыға, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдеріне, жеке кінәлаушыға және оның өкіліне, жәбіленушіге және оның өкіліне, ал азаматтық талапқа байланысты бөлімінде – азаматтық талапшыға, азаматтық жауапшыға және олардың өкілдеріне беріледі. Үкімге (қаулыға) прокурор да қарсылық білдіре алады.

Азаматтық процесте төменгі тұрған соттардың анықтамалары мен шешімдері іске қатысушы тараптардың және басқа тұлғалардың шағымданылуы мүмкін.

Апелляциялық тексеру бастамалары. Апелляциялық инстанция, апелляциялық шағымның доводтары (жүргізу) мен байланысты емес. Ол барлық тараптарға қатысты үкім, қаулы, ереженің, және анықтаманың заңдылығын және негізділігін тексеруге, сонымен қатар, шағымданбағанда да қатынастарды тексеруге құқықылы.

Үкімнің, шешімнің (қаулы, анықтамалық) заңдылығын және негізділігін тексеру.

Апелляциялық инстанция үкімнің, шешімінің (қаулы, анықтаманың) заңдылығын және негізділігін тексеру.

Апелляциялық инстанция үкімнің, шешімнің (қаулы, анықтаманың) заңдылығын, яғни іс жүргізуде құқықтың процессуалдық және материалдық салаларының нормаларын қадағалауға негізділігін, яғни сот қорытындыларының шешімімен (анықтама) сәйкес келуі, бірінші инстанциядағы соттың қорытындыларын бекітетін істің деректік жағдайы және дәлелдемелердің болуы.

Алайда, тексеріс мысалы: шешімді алатын болсақ, «талап қанағаттандырарлық па» деген сұрақпен шектеліп қоймауы тиіс.

Оның барлық бөлімдері мен құрылысы тексеріледі.

Апелляциялық инстанцияда соттық әрекет жүргізу және қосымша материалдар ұсыну мүмкіндігі. Бірінші инстанциядағы сияқты апелляциялық сотта да дәлелдемелерді жинақтауға бағытталған сот әрекеттеріне жол беріледі. Одан басқа, шешімге (анықтамаға) шағымдануға (анықтамаға) шағымдануға құқылы тұлғалармен қосымша материалдар (анықтама, актілер, түсініктемелер т.б.) ұсынылуы мүмкін. Қажетті жағдайда оларды соттың өзі сұрауы мүмкін.

Апелляциялық инстанция күзіреттері. Азаматтық істерді апелляциялық тәртіп бойынша қарағанда, сот шешімдерін (анықтамаларын) сотта өзгеріссіз қалдыруға (заңда көрсетілген негіздіер болғанда), ал шағым арызды қанағаттандырмауға: шешімді толығымен алып тастау немесе бөлігі бойынша жаңа шешім қабылдау; шешімді өзгерту немесе бөлігін толығымен алып тастау немесе бөлігі бойынша жаңа шешім қабылдау; шешімді өзгерту немесе бөлігін толығымен алып тастау және іс жүргізуді тоқтату немесе талапты толығымен немесе бөлігін қараусыз қалдыруға құқылы.

Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіп бойынша қарағанда сот істі тоқтату жөніндегі үкімді немесе қаулымы өзгеріссіз қалдыруға, ал апелляциялық шағым-

арыздарды немесе қарсылықты қанағаттандырмауға; айыптаумен үкімді қанағаттандырмауға; айыптаушы үкімді алып тастап, сотталушыны ақтап алуға немесе істі тоқтатуға, айыптаушы үкімді алып тастауға және жаңа үкім шығаруға; ақтап алушы үкімді алып тастауға және айыптаушы үкім шығаруға және үкімді өзгертуге құқылы.

Апелляциялық инстанцияда жаңа талаптарды қарастыруға жол бермеу. Істі бірінші инстанцияда қарағанда ұсынылмаған жаңа талаптар апелляциялық инстанцияда қабылданбайды және қаралмайды.

Қадағалау инстанциясындағы сот - алдыңғы сот инстанцияларының заңдық күшіне енген сот шешімдеріне тараптардың қарсылығы мен арыздануын қадағалау ретімен қарастыратын сот.

Қадағалау инстанциясындағы соттың ерекшеліктері:

Қадағалау инстанциясында қаралатыны: күшіне енген сот үкімдері шешімдері, анықтамалары және ережелері.

Қадағалау инстанциясындағы сот бірінші инстанциясындағы соттың шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеріп қана қоймайды, ол сонымен бірге екінші инстанциядағы соттың анықтайтын, төменгі тұрған қадағалау инстанциясының үкімді де тексереді.

Заң қадағалау инстанциясында істі алқалық қарауды қарастырады.

Қадағалау жүргізу заңда көрсетілген лауазымды тұлғалардың қарсылық білдірулері негізінде туындайды. Олар: Бас прокурор, ҚР Жоғарғы сотының төрағасы, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары және прокурорлар.

Қадағалау инстанциясында істі қарау істі кассациялық қарау тәртібімен өте ұқсас, айталық: жазбаша іс материал бойынша тексеріледі, соттық тергеу жүргізілмейді, сот отырысына шектеулі сандағы субъектілер ғана қатыса алады.

Сонымен бірге, қадағалау инстанциясындағы сот сотталушының, жәбірленушінің, қорғаушылардың қатысуын міндеттеуі мүмкін.

Прокурордың қадағалау инстанциясындағы сотқа қатысуы міндетті болып табылады. Сонымен, қадағалау инстанциясы заңдық күшіне енген соттың үкімдерін және қаулылармен қайта қарайды.

Ол сот шешіміне қарсылық білдірудің біршана басқаша тәртібін қарастырады. Сот үкім (шешім анықтама, ереже) қарсылық білдіруіне тұлғалар кассациялық инстанциядағыға қарағанда қадағалау сатысында іс жүргізуде тараулау.

Қадағалауға, кассациялықтағы сияқты келесілер тән.

Қадағалау жүргізудің тексерістік бастамалары, қылмыстық құқықта қадағалау инстанциясы қарсылық білдіру, пікірлермен байланысты емес. Егер іс бойынша бірнеше тұлға сотталған болса, ал қарсылық білдіру тек бір адамға немесе сотталушының жартысына ғана қатысты болса, онда іс барлық сотталушылар қатыстырылып тексеріледі. Заң негізінде сот қарсылық білдірудің шегінен тыс шығуы мүмкін және азаматтық істерде де осылай.

Сот актісінің заңдылығын тексеру, қадағалау инстанциясы шешімінің (анықтама үкімінің) заңдылығын тексеруге, яғни іс жүргізуде.

Азаматтық процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық, азаматтық, отбасылық және т.б. құқық нормаларының сақталуын тексеруге міндетті.

Қылмыстық істер бойынша үкімнің негізділігі, яғни төменгі соттардың үкімінде берілген қорытындыларды бекітетін дәлелдемелердің болуы және істің деректік жағдайының сот шешімімен сәйкестілігі тексеріледі, қадағалау инстанциясындағы үкімнің тексерілуі айып тағудағы сұрақтармен ғана шектеліп қойылуы тиіс емес. Оның барлық бөлімдері және құрылымы тексерілуі тиіс.

Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру.

ҚР бас прокуроры, ҚР Жоғарғы сотының Төрағасы және олардың орынбасарлары қарсылық білдірген жалпы құқықтық құзырдағы соттардың шешімдерін қылмыстық істі қадағалау тәртібінде шешілгенше тоқтата тұруында, әскери бас прокурор мен ҚР Жоғарғы сотының әскери алқасының Төрағасы - әскери соттың кез-келген шешімін, ал әскери Бас прокурордың орынбасары – гарнизондық әскери соттың кез келген шешімдерін тоқтата тұруға құқылы. Аймақтық, әскери соттың Төрағасы сәйкес гарнизондық және аймақтық (дәлоотық) әскери соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне анықтамаларына және ережелеріне қарсылық білдіруіне құқылы.

Қадағалау инстанциясына қосымша материалдар ұсыну мүмкіндігі, бұл материалдар (анықтамалар, актілер, түсініктемелер және т.б.) қарсылықпен бірге ұсынылуы мүмкін.

Көпген ғалымдар өз бастамалары бойынша және сот құқықтары бойынша осыларды талап ету құқығын мойындайды. Бірақ та қадағалау инстанциясына ұсыну үшін тексерушілік жүргізу әрекеттеріне жол берілмейді.

Қосымша материалдар істе бар барлық дәлелдемелермен бірге бағаланады және солармен бірге қадағалау инстанциясы қабылдайтын шешімдер негізімен қатар қойылуы мүмкін.

Қадағалау инстанциясының құзыреттері.

Қадағалау тәртібі бойынша істі қарай отырып, жоғары тұрған сот (заңда көрсетілген негіздер бойынша) үкімді (шешімді, анықтаманы) алып тастауға және істі қайта талқылау үшін (жаңадан алдын-ала тексеру) 1-ші және кассациялық инстанциядағы соттарға беруге; үкімге (өзгертулер енгізуге, шешімді өзгертуге); қылмыстық іс жүргізуді тоқтатуға; шешімді, анықтамаларды немесе ережелерді алып тастауға және азаматтық іс жүргізуді тоқтату немесе өтінішті қараусыз қалдыруға құқылы.

Сотталушының ісін қадағалау инстанциясына қарағанда оның жағдайының төмендеуіне жол бермеу. Бұл сипат қадағалау инстанциясына кассациялық инстанциядағыдай тиесілі.

Сонымен қатар, қадағалау тәртібі бойынша айыптайтын сот үкімдері және ережелерін аса ауыр қылмыс туралы заңның қолданылуы қажеттілігінен, жазаны

жеңілдету немесе сотталушының жағдайының төмендеуіне алып келетін басқа да негіздер бойынша, сол сияқты ақтау үкімі әйтпесе анықтамалардың қайта қаралуы немесе істі тоқтату туралы сот қаулысы немесе істі тоқтатуды туралы сот қаулысы олар заңды күшіне енгеннен кейінгі 1 жыл ішінде жүзеге асырылады.

Қадағалауда іс жүргізудің көр түрлілігі қадағалау тәртібінде тек қана бірінші апелляциялық инстанцияда шығарылған шешімдер тексеріліп қана қоймайды, сол сияқты кассациялық және қадағалаудық инстанцияның анықтамалары тексерілуі тиіс. Осы негізде, мысалы, аудандық сот үкімінің заңдылығын алдымен облыстық соттар, одан кейінгі кезекте ҚР Жоғарғы сотымен тексереді, яғни бірнеше рет тексеріледі.

Қадағалау тәртібінде екі рет дүние жүзілік судьяның заңдық күшіне енген үкімінің заңдылығы мен негізділігі және сот инстанциясының кейінгі шешімдері тексерілмейді.

Сонымен сот жүйесі, сот звеносы және сот инстанциясы туралы айтқанда сот звеносының ҚР сот жүйесінің ұйымдық құрылу принциптерін, ал сот инстанциясы соттың процессуалдық өкілеттілігін сипаттайтынын айта кеткен жөн.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – Қазақстан Республикасының жоғарғы сот органы.

Тек сот қана емес, сол сияқты әрбір судья сот билігін көтеруші болып табылады. Сондықтан да демократиялық қоғамдағы судьяның әлеуметтік рөлі Конституция және басқа заңдарда, халықаралық келісім – шарттарда, сол сияқты ҚР Президенті жарлығында айтылған әртүрлі заңи конфликтыларда құқықтық бастылықты қамтамасыз ету.

«Судья» түсінігі «лауазымды тұлға» және «мемлекеттік қызметкер» ұғымымен тығыз байланыста. Судья мемлекеттік бюджеттен жалақысы төленетін мемлекеттік қызметте отырған соң, және қажетті билік өкілеті берілген соң ол осы сөздің кең мағынасында алып қарасақ, мемлекеттік қызметкер болып табылады. Бірақ та оны ҚР Конституциясында және арнайы конституциялық заңдармен бекітілген ерекше құқықтың жағдайына қарап, саяси немесе әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерге жатқызуға болмайды. Судьялардың әрекеті және оларды тағайындау (сайлау) және босату саяси – анықтаушы сипатқа ие емес.

ҚР заңнамаларды талдау негізінде судьяларды сипаттайтын және басқа лауазымды тұлғаларынан айыруға мүмкіндік беретін – келесі белгілерді бөліп көрсетуге болады:

- судьялардың іс-әрекетінің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталуы, Конституцияның, заңдардың және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің орындалысын қамтамасыз ету;
- судьяға Конституция және конституциялық Заңмен бекітілген өкілеттердің берілуі;
- заңмен бекітілген арнайы кәсіби және басқа өлшемдерге сәйкестігі;
- сот билігінің бір ғана өкілі және көтерушісі ретіндегі арнайы биліктік өкілетілігінің болуы;
- судьялардың тәуелсіздігі;
- мемлекеттің басты қызметтерінің бірі – құқықтық әділеттілікті қамтамасыз ету, яғни құқықтық конфликтілер мен дауларды шешуде Конституцияны, заңдарды және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді қолдану;
- судьяның орнын басқа біреудің баса алмаушылығы;
- процессуалдық қалыптағы заңмен бекітілген судьялардың іс-әрекетінің жүзеге асырылуы.

Осы жоғарыда аталғандар негізінде «судья» түсінігіне келесі анықтаманы беруге болады.

Судья деп – «ҚР-ғы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы талаптарына сай, заңды ретте тұрақты негізде өкілеттері бекітілген, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарымен бостандықтарын қорғау мақсатында процессуалдық қалыптағы құқықтық әділеттілікті жүзеге асыратын Конституцияның, заңдардың, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, ҚР халықаралық келісім шарттарының орындалуын қамтамасыз етуін және

мемлекеттің барлық аумағында орындалуы міндетті шешімдер қабылдауға құқығы бар лауазымды тұлғаны айтады.

Судьяның конституциялық – құқықтық мәртебесі – бұл судьяның құқық нормаларымен, одан бұрын, Конституция, Конституциялық Заң және басқа нормативтік актілерімен анықталған жағдайы.

Судьялардың мәртебесі бірыңғай, жеке лауазымдағылардың (сот төрағасы, алқа төрағасы) құқықтық жағдайының ерекшеліктері айқындалған.

Судьяның конституциялық – құқықтық мәртебесінің құрылымы келесі элементтерден тұрады:

- судьяларға қойылатын талаптар;
- судьялардың өкілеттіктерге ие болу тәртібі;
- судьялардың құқықтары мен міндеттері;
- судьялардың жауапкершілігі;
- судьяларға қойылатын шектеулер;
- судьяның құқықтық жағдайының принциптері;
- судьяның іс-әрекетінің кепілділігі.

Судьяның құқықтық жағдайы принципі дегеніміз – оның іс-әрекеті құрылатын негізгі бастамалар болып табылады.

Судьяға қойылатын шектеулер дегеніміз заңда көзделген судьяға қатысты тыйым салулар.

Қазақстанның заңнамаларда көрсетілген принциптер мен шектеулерге келесілерді жатқызуға болады:

- судьяның тек Конституцияға бағынуы;
- судьяның белгілі бір істері бойынша есеп бермейтіндігі;
- барлық судьялардың мәртебелерінің бірыңғайлығы;
- заңда қарастырылмаған соттан тыс қызметтерді судьяның атқаруына жол бермеу;
- судьялық қызметтің басқа қызметпен немесе әрекетпен ортақтандырылмауы;
- судьяға табынушылық;
- судьяның біржақтылығы;
- судьяның қадір-қасиетіне қол сұқпау;
- судьяның жауапкершілігі;
- судьяның әлеуметтік және құқықтық қорғалуы;

25.12.2000ж. ҚР Конституциялық Заңының 28 бабы бойынша судья міндетті:

- ҚР Заңдарымен Конституциясын сақтауға;
- өзінің құқықтық әділеттілікті жасаудағы конституциялық міндеттерін орындауда, сонымен қатар қызметтен тыс қатынастарда сот этикасы талаптарын сақтауға және оның ойырайына, қадір-қасиетіне, объективтілігі мен біржақтылығына күмән тұғызып, кір келтірлмеуге;
- құқықтық әділеттілікті жасауға заңсыз кедергілерге қарсы тұруға;
- судьялар жиналысының құпиясын сақтауға.

Судьялардың іс-әрекеті билік өкілеттілігіне жүзеге асырумен байланысты болғандықтан осы қызмет кандидаттарына жоғарғы деңгейдегі талаптар қойылады. Сонымен, аудандық сот судьясы болып 25 жасқа толған, жоғары заңдық білімі бар, заң саласында екі жылдан кем емес еңбек өтілі бар, кәсіби даярлық емтиханын тапсырған және сотта машықтануды ойдағыдай өтіп, пленарлық мәжілісте дұрыс бағалған ҚР азаматы тағайындала алады. Жоғары тұрған сот судьясы болып жоғарыда аталған талаптарға сай және заң саласында 5 жылдан кем емес өтілі бар, оның ішінде, ереже бойынша, екі жылдан кем емес судья болып істеген ҚР азаматы тағайындала алады.

ҚР Конституциялық заңы судьялар өкілеттілігінің тоқтата тұрылу, боскатылу және тоқтатылу жағдайларын регламенттейді.

Сонымен, 34 бап бойынша сот өкілеттілігі тоқтатылады:

- отставкаға кету немесе қызметінен өз еркімен кеткенде;
- медициналық қорытындылар негізінде одан әрі кәсіби міндеттерін жалғастыра алмау жағдайында;
- сот судьясының әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігінің шектелуі, әйтпесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімі заңды күшіне енгенде;
- судьяға байланысты айыптың үкімнің күшіне енгенінде;
- ҚР азаматығынан кеткенде;
- Судья қайтыс болғанда немесе оны өлді деп тапқан соң шешімінің заңды күшіне өнгенділігі жарияланғанда;
- Судьяның басқа қызметке тағайындалуы, сайлануы және басқа жұмысқа ауысуында;
- Сотты қысқарту немесе өкілеттілігінің мерзімінің өтуі, егер судья басқа соттағы бос орынға ауысуға келісімін бермеген жағдайда.

Судьяның тәртіп бұзушылық қылықтар жасағаны немесе заң талаптарын орындамағаны үшін судьялардың тәртіптік квалификациялық алқасының қызметтен босату туралы шешім бойынша судьялардың өкілеттілігі тоқтатылады.

Судьяны қызметінен босату туралы шешім:

- ҚР Парламент Сенатының қаулысымен, ҚР Президентінің ұсынысымен алқа төрағалары және Жоғарғы Сот судьяларына, төрағасына қатысты;
- ҚР Президенті нұсқауымен төрағаларға, алқа төрағаларына және облыстық сот судьяларына (және облысты) аудандық сот судьясы және төрағасына қатысты бекітіледі.

Судьялар өз әрекеттерін үшін есеп бермейді және әрекеттері бақыланбайды, бірақ заңда бекітілген жағдайларда тәртіптік жауапкершілікке шақырылады (КЗ 89 бап):

- сот істерін қарағанда заңдылықтаң бұзылуы;
- сот этикасына кері қылықтардың жасалуы;
- еңбек тәртібінің бұзылуы.

Сот төрағалары және алқа төрағалары Заңмен қарастырылған міндеттерін дұрыстап орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке шақырылуы мүмкін.

Судьяларға қолданылатын тәртіптік түзету шаралары болып ескерту, сөгіс, квалификациялық класын төмендету, қызметтегі міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін сот төрағалығынан және алқа төрағалығынан, судья қызметінен босату табылады.

Тәртіптік іс қозғаушылық құқығын иеленеді:

- ҚР Жоғарғы сотының Төрағасы Республиканың ку-келген судьясына қатысты;
- Облыстық сот Төрағасы алқа төрағасы және облыстық сот судьяларына, аудандық сот судьялары және төрағасына қатысты.

Тәртіптік істерді қараушы органдар болып республикалық және облыстық тәртіптік-квалификациялық алқалар табылады.

Республикалық тәртіптік – квалификациялық сот алқасы ҚР Жоғарғы соты судьяларынан 2 жыл мерзімге % мөлшерінде.

Жоғарғы соттың пленарлық мәжілісінде барлық соттардың екі үшеуі қатысқанда жасырын дауыс беру, дауыс жинауы, негізінде сайланады.

Облыстық тәртіптік – квалификациялық сот алқасы екі жыл мерзіміне бес судьядан облыстық және оларға теңестірілген соттың пленарлық мәжілісінде, осы соттардың судьяларының екі-үшеуі қатысқанда, жасырын дауыс беру, дауыс жинауы негізінде сайланады.

ҚР Жоғарғы соты Төрағасы, Жоғарғы сот алқасының төрағалары, облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағалары, сол сияқты осы соттардың алқаларының төрағалары тәртіптік – квалификациялық сот алқасының құрамына сайлана алмайды.

Республикалық тәртіптік – квалификациялық сот алқасы ҚР Жоғарғы сот алқасының төрағаларына және судьяларына облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағаларына қатысты судьяларға квалификациялық класс тағайындау мәселелерін шешеді, облыстық тәртіптік квалификациялық сот алқасының шешімдеріне шағым – арызды қарастырады. Облыстың тәртіптік – квалификациялық сот алқасы облыстық және оларға теңестірілген соттар судьяларына, аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік істерді сол сияқты оларға квалификациялық класс тағайындау мәселелерін қарайды.

Судьяларға қатысты тәртіптік іс жүргізу судьяның жоқтығы себептілігінің және қызметтік тексеріс уақытын қоспағанда қылық анықталған күннен бастап үш айдан кем емес мерзімде, және қылық жасалған күннен бір жылдан кем емес мерзімде тәртіптік іс жүргізуді бастайды.

Тәртіптік іс жүргізуші тұлға 1 ай мерзім бұрын іске қатысты мәліметтер мен мәселелерге алдын-ала қызметтік тексеріс жүргізеді және мәселе шешіліп жатқан қатынасқа байланысты жазбаша түсінік беруін сұрайды.

Судьяның түсінік беруге қарсылығы тәртіптік істі жүргізуге кедергі бола алмайды.

Тәртіптік іс жүргізуге қатысты судья, қызметтік тексеріс материалдарымен таныстырылуы қажет. Мұнда судья қосымша түсініктер беруге немесе қосымша тексерістер жүргізу туралы нұсқаухат ұсынуға құқылы.

Тәртіптік істі бастау үшін ҚР Жоғарғы Сот Төрағасы және облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары қаулы шығарады. Қаулыда тәртіптік істің басталу негізгі көрсетілуі тиіс. Қаулы үш күндік мерзім ішінде қажетті материалдармен қарау үшін сәйкес тәртіптік квалификациялық сот алқасына жіберіледі. Тәртіптік іс оның басталғанынан бастап екі ай мерзімде қаралуы тиіс. Тәртіптік істі қарау мерзімінің бұзылуы оның тоқталуына әкелмейді.

Қорытынды

Жоғарыда мазмұндалған материалдарға қорытынды жасай келе келесіні анықтауға болады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы стратегиялық мақсаты-құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру екенін жариялай келе, жоғары заң шығару дәрежеде ҚР – да сот билігінің жүйесі мен ұйымдастыру құқықтық негіздерін бекітті.

ҚР Конституциясының 76 бабы сәйкес сот билігі заң шығару және орындаушы биліктен. Саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз жұмыс істейді. Тек тәуелсіз сот қана әр азаматтың бұзылған құқықтары мен заңдық мүдделерін құзыретті және сотта істі ашық қарауда қорғай алатындығының кеіпілі болып қызмет ете алады.

Сот билігінің басты қызметі сот төрелігін жүзеге асыру болып табылады, ол соттың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және де басқа істерді қарау мен шешуден тұрады. Бұл соттардың заңды қолданудың ерекше түрі, егер дауды шешу жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мүддесіне тиісті болса тек қана қатаң түрде заңға жүгіну қажет.

Сот төрелігінің негізгі мақсаты – барлық істер бойынша соттың құзыретіне қатысты әділ шешімді қамтамасыз ету.

Сот төрелігінің негізгі міндеттері:

- соттардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және басқа да істерді уақытында, жан-жақты, толық және объективті шешу.

- соттық қорғауға азаматтық және заңды тұлғалардың құқығын іске асыру.

- заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту.

- сот өндірісінің тарабындағы субъектілердің құқыққа құрметті қатынасын қалыптастыру.

- құқық бұзуды материалдық және процессуалдық заңдарды дұрыс қолдану жолымен алдын-алу.

Конституциялық деңгейде сот төрелігін іске асырудың негізгі принциптерінде көрінді. Сот төрелігінің принциптері соттың мемлекеттік билік органы ретінде қызметі мен ұйымдастыруының негізгі бастауын сипаттайды. Сот төрелігі адамдардың заңды құқықтары мен бостандығын құқығын қорғаумен негізделеді. Ол әділ сот төрелігін іске асыруға қызмет етеді.

Дайындаған: ӘҚ ж ПО-ның ӘҚ кафедрасының профессоры, полиция полковнигі Е.Е. Серімов